



Auyl

Газет
1930 жылдың
қараша айынан
бастап шығады

uil-gazet@mail.ru

№14 (7751), 4 сәуір, бейсенбі, 2019 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

ШАРУАНЫҢ АЯҒЫНА

КІМ ТҰСАУ?



ОЙЫЛ - ӘУЕЛДЕН ТАБИҒАТЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚОЛАЙЛЫ ӨЛКЕ. СОНДЫҚТАН ДА, АУДАНДАҒЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ ТҮГЕЛГЕ ЖУЫҒЫ «КӨЗІМІЗДІ АШҚАЛЫ КӨРГЕН» АТА КӨСІПЕН АЙНАЛЫСЫП КЕЛЕДІ. ӨРИНЕ, ӨРКІМ ӨЗ БЕТІМЕН. БІРАҚ, МҮМКІНДІК БОЛА ТҰРА, ШАРУАШЫЛЫҚТЫ КЕҢЕЙТУГЕ ҰМТЫЛУШЫЛАР АЗ. «ҰМТЫЛҒАНДАРДЫҢ» НЕГІЗГІ ИЕК АРТАТЫНЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҰСЫНАТЫН МҮМКІНДІГІ – ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ. АЛАЙДА, ОҒАН ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ ЖОЛЫ ЖЕҢІЛ ЕМЕС...

БІРЕУІ КЕПІЛГЕ ҚОЯТЫН ҚҰНЫ ЖОҒАРЫ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ТАБА АЛМАСА, ЕНДІ БІРІНІҢ СОҢЫНАН ЖҮРІП ҚҰЖАТЫН ЖИНАУҒА ҚҰЛҚЫ ЖОҚ. ӨЙТКЕНІ, КЕДЕРГІ КӨП. ӨРИНЕ, БІЗ «КЕДЕРГІ» ДЕП ҚАБЫЛДАЙТЫН ТАЛАПТАРҒА САЙ ҚҰЖАТТАРЫМЫЗДЫ ДАЙЫНДАУҒА КІМ НЕМЕСЕ НЕ КЕДЕРГІ? БОЛМАСА ШАРУАЛАРДЫҢ ТАБАНЫ ТОЗЫП, ТӨЗІМІ ТАУСЫЛЫП ЖИНАҒАН ҚҰЖАТЫН ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ҚАРАУЫ НЕГЕ ҰЗАҚҚА СОЗЫЛАДЫ?

Міне осындай ауылдағы шаруаларды алаңдатқан сауалдарға жауап беріп, жолдарын түсіндіру үшін өткен аптада Ойылға Ақтөбе облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сарсембай Құсайын бастаған бір топ мамандар келді. Алдымен сөз алған басқарма басшысы агроөнеркәсіп саласындағы жаңалықтарды шаруаларға тікелей жеткізуді көздеген топ басшысы етті мал шаруашылығын дамыту бағдарламасын түсіндірді. Өйткені, Ақтөбе облысы 4 мың тонна ет экспортқа шығаруы керек. Оған облыстың өлеуеті жетеді. Бірақ, осы бағытты дамыту үшін облыс шаруалары биыл 16 мың мүйізді ірі қара, 30 мың қой алуы керек. Сонымен қатар, будандастыру арқылы мал тұқымын түрлендіру жолдарын түсіндірген басқарма басшысы субсидия төлеудегі өзгерістерді де жеткізді. Сұрақ осы жерде туындады. Өйткені, өткен жылдары өртүрлі себептермен мемлекеттің қолдауынан қағылған кейбір шаруалар өре түрегелді. Бөрінің де сауалы орынды. Бірақ, уақыт пен мүмкіндік - талап пен заңға сәйкес келмей жатады.

Ал, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитеті Ақтөбе облыстық аумақтық инспекциясы басшысы Темірбек Нұртазин шаруаларға алыс-жақын шет елдерден асыл



тұқымды мал өкелудің тәртібі мен талабын түсіндірді. Өйткені, азық-түлік қауіпсіздігі басты назарда. Ал, облыстық ветеринария басқармасының басшысы – Кеңес Қанатбаевтың сөзі де Темірбек Сарсенбиұлының ойымен ұштасты. Облыстық жерді пайдалануын бақылау басқармасы басшысының орынбасары Тілеген Жаңабергенов пен облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдаландыру реттеу басқармасының басшысының орынбасары Асхат Көбенов өздері жетекшілік ететін саланың жаңалықтарын жеткізсе, шаруалардың сауалының көбі

қаржы институттарына кесірі бағытталды. Өйткені, құжаттарын өткізгенімен айлап емес, жылда несие ала-алмай отырғандар бар.

Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ АФ директоры Гүлжанат Ергазина, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ АФ несие маманы Әнуар Бөрібаев пен «ҚазАгроҚаржы» АҚ АФ жетекші маманы Әсел Есетовалар сұрақтың астында қалды. Өрине, шаруалардың сауалы да орынды сияқты. Бірақ, кілтпанның көбі құжатты жасақтау кезінде кететін қателіктер. Содан келіп біз «кедергі» деп қабылдайтын

қателіктердің кесірі кейбіреулерге қолбайлау болып отыр. Оның сыртында тұрақты малшы табу деген машақат тағы бар... Осының бәрі сайып келгенде Ойылдағы шаруалардың аяғын тұсап тұр!

P.S. Ойылдағы шаруалардың көрісін» кеңейтуді көздеген мамандар барлық сауалға байыпты жауап беріп, кейбір мәселелерге орай жолдарын көрсетіп, кеңес берді.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

Алқа мәжілісі

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР – ЕРТЕҢНІҢ ҚАМЫ

Өткен аптада аудан өкімі Дастан Сағырұлының төрағалығымен алқа мәжілісі өтті. Күн тәртібіне ауыл шаруашылығы бөлімінің егіс егу науқанына дайындық жұмыстары туралы және аудан аумағында су тасқынының, төтенше жағдайлардың, өрт қауіпсіздігінің алдын алу шаралары туралы мәселелер ұсынылып, талқыланды.

Алғашқы мәселе бойынша аудандық аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Сүйіндік Өскенбаев баяндама жасады. Яғни, өткен жылмен салыстырғанда аудан бойынша 2019 жылға егіс құрылымдарын 10 пайызға немесе 620 га алқапқа ұлғайту жоспарлануда, оның ішінде дөңді дақылдар егістігі 2400 га, майлы дақылдар 100 га, мал азықтық көп жылдық шөп 200 га және суармалы дақылдар (картоп, көкөніс, бау-бақша) 256 га, барлық егіс көлемі 2956 га алқапты құрайды деп жоспарланып отыр. Аудан бойынша өткен жылы көктемгі егіс үшін 3 шаруашылық қана барлығы 500 га сүдігер жыртып, алқабын дайындапты. Бұл аудандағы мекелі егіс көлемінің небәрі 21 пайызын ғана құрайды. Ал, аудан

бойынша тек «Спарта» шаруа қожалығы ғана суармалы алқаптарға тыңайтқыштарды пайдалану мақсатында «ҚазАзот» АҚ-мен 6 тонна аммиакты селитра тыңайтқышын алу үшін келісім-шартқа отырған. Бүгінгі таңда дөңді дақылдар егістігіне 110 тонна арпа, 24 тонна тары тұқымы қажет. Бірақ, өлі де қосымша 60 тонна арпа тұқымын сатып алу көзделіп отыр. Аудан бойынша көктемгі далалық егіс жұмыстарына қажетті 25 тонна дизель отынына сұраныс берілгені.

Алқа мәжілісінің күн тәртібіне ұсынылған екінші бір өзекті мәселе бойынша Ойыл аудандық аудандық төтенше жағдайлар бөлімі жұмысшының міндетін атқарушы Дәурен Өлғасыров баяндама жасады. Баяндамашының айтуынша, Ойыл ауданы өкімдігінің 2019 жылғы 20 ақпандағы №30 қаулысымен 2019 жылдың көктемгі су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын-алу жөніндегі штаб құрылып, іс-шаралар жоспары бекітіліп, жұмыстар жүргізіліп жатыр. Өрине, биыл көктемгі су тасқыны қаупі жоқ. Сондықтан, аудан басшысы негізінен

далалық өрттердің алдын-алуға назар аударды.

Ал, алқа мәжілісі барысында жеке меншік субъектілеріне меншігіндегі нысандарды көктемгі су тасқынынан қорғау және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін далалық өрттен қорғау жөнінде Ойыл аудандық төтенше жағдайлар бөлімі тарапынан талап қою төмендігі сынға алынып, ауылдық округ өкімдері мен ауыл шаруашылығы, жер қатынастары бөлімдерімен бірлесіп, іс-шаралар алгоритмін жасау жөнінде, шаруа қожалықтарының пайдалануындағы лиманды жерлерде тазарту жұмыстарын жалғастырылуын бақылау сияқты бірнеше міндеттер жүктелді.

Сонымен қатар, ұсынылған қаулы жобасына қосымша көктемгі далалық жұмыстарына инвестиция тарту, суармалы жерлерді ұлғайта отырып, егіс егу жоспарын толық орындау, сұраныс берген шаруашылықтарға техникалар, комбайн алуына мемлекеттік қолдау көрсету және ауыл тұрғындарының ұйымдасып уақыт, көкөніс егетін жерлерін қарқынды дайындау жөнінде де тапсырмалар берілді.

АУЫЛДА ДЕР ЕМ БАҚ, ЫРЫС



Апыстан ойнап ақ күміс, Бетеге белде бу, сағым. Ауылда дер ем бақ, ырыс, Бұрқырап жатса жусаным.

Сағынышпен қағады, Көктегі топ-топ құс қанат. Жылгадан лай сең ағады, Ылдиға бағыт нұсқап ап.

Тартпаса шешем бұзатын, Түбінен пештің ысты алып. Қалғыған қыста ұзақ түн, Кетіпті біраз қысқарып.

Қыздырып төлдің күн етін, Ұйықтайды, шуақ, тымықта. Үркітіп өкөм жүретін, Сылдырлақ тағып құрыққа.

Анашым тағы таптым деп, Өкелдік талай жұмыртқа. Сауын малдар сап түзеп, Келеді қалмай ымыртқа.

Муса Әділбайұлы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МАРДЫМДЫ БОЛУЫ ТИІС



Жуырда аудандық мәдениет үйінде ағымдағы жылдың бірінші тоқсанына қойылған жоспарға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жәрмеңкесі өткізілді. Атап айтқанда іс-шараның мақсаты мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы тұрғындардың ақпараттандырылу деңгейін арттыру және қызметтерді электрондық түрде көрсетуді өзектендіру, сонымен қатар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін консультативті-өдістемелік көмек

беруді қамтамасыз ету. Жәрмеңкеге аудандық жергілікті атқарушы органдар, орталық аурухана және аудандық кәсіпкерлік палатасы, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы қатысты. Мемлекеттік қызмет жәрмеңкесінде 65 адам өртүрлі кеңес алса, 15 адам сандық электронды қолтабасын жаңартты. Атап өтсек, өткен жылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жәрмеңкесі 3 мәрте өткізілген болатын.

Салтанат КЕҢЕСАРЫ,
Ойыл селосы.

КОМИССИЯ КЕҢЕС БЕРДІ

Мемлекеттік рәміздер - Конституция және арнайы заңмен бекітілген, ұлттың егемендігін айқындайтын, тарихи толық қалыптасқан саяси мәні бар мемлекеттің ерекше белгілері. 1992 жылдың 4 маусым күні Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арнайы Жарлығымен Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғашқы рет республикамыздың Мемлекеттік рәміздері бекітілді.

Мемлекеттік рәміздерді насихаттау және қолдану саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бағытында ауданымызда көптеген жұмыс атқарылуда. Кеше аудан өкімінің орынбасары А.Қазыбаевтың төрағалығымен аудан өкімдігінің үлкен мәжіліс залында мемлекеттік рәміздер саласындағы өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру бойынша аудандық семинар ұйымдастырылды.

Семинар барысында Мемлекеттік рәміздерді пайдалану, насихаттау және қолдану жай-күйін қадағалау бағытындағы жүргізілген мониторингтің нәтижесі айтылып, орын алған кемшіліктерді түзету бойынша нақты шаралар қабылданып, өдістемелік көмек көрсетілді. Семинарға аудандық мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссия мүшелері, аудандық салалық бөлімдер мен басқармалардың басшылары және жауапты мамандары, аудан орталығындағы мектеп директорлары мен балабақшалар меңгерушілері қатысты. Семинар барысында облыстық ішкі саясат басқармасының бас маманы Тұлеуов Арыстанбек Жұмабайұлы мекеме басшыларына өдістемелік көмек беріп нақты ұсыныстарын жеткізсе, туындаған сұрақтарға толымды жауаптар қайтарылды.

ТАЗАЛЫҚ – БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ!

Көктем - жер дүниенің жаңару мезгілі. Осы көктемнің алғашқы айынан бастап ауданда сенбіліктер өткізіліп келеді. Санитарлық тазалық айларында аудан орталығы мен ауыл-аймақ қыстан қалған тұрмыстық, қоқыс қалдықтарынан тазартылады. Тазалық баршаға ортақ іс болғандықтан, оған аудан жұртшылығы жаппай атсалысуы қажет. «Тазалық табалдырықтан басталады» демекші, ауданымыздың көркейіп, гүлденуіне өрбір тұрғын бей-жай қарамай, қоқыс-қалдықтарды кез-келген жерге лақтырмай, таза ұстауға тиіс. Бірақ, байқап жүргеніміздей, өлі де болса аудан тұрғындары арасында тазалық

шараларына қатысуда енжарлық танытатындар басымдық. Санитарлық тазалық айлығына орай ауданымыздағы жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін «Үздік аула», «Үздік көше» акциялары биыл да ұйымдастырылатын болады. Өйткені, туған жердің көркеюі өз ауламызда таза ұстаудан басталатыны белгілі. Ауланы абаттандыру - ауылдың абыройы. Сол себептен, алдағы уақытта өз жалғасын табатын игілікті істен шеткері қалмай, елді мекендер мен қоғамдық орындардағы тазалық сенбіліктеріне барша аудан жұртшылығы бір кісідей жұмыла кірісуіміз қажет.

«ЖАЛЫНДАҒАН ЖАСТАР - ЕЛ ЕРТЕҢІ»

Елбасымыз биылғы жылды «Жастар жылы» деп жариялағаны баршамызға белгілі. Нұрсұлтан Әбішұлы жастардың бүгінгі мен болашағына қамқорлық жасауды өз саясатының негізгі мәні деп санайды. Ол жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында жастар саясатын жетілдіру бойынша нақты тапсырмалар белгілеп жүр. Өйткені, жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады.

Осы орайда жастардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында Қараой ауылдық округінің жалынды жастары барлық ауылдық округтерге «Жалындаған жастар-ел ертеңі»

атты концерттік бағдарламасын ұсынды. Бұл шараға округтегі студенттер мен жұмыссыз жүрген жастар белсене атсалысты. Концерттік бағдарламамен бірге жастар өздерінің спорттан да осал еместігін көрсетіп, бірнеше жолдастық кездесулер өткізді. Алдағы уақытта аудан орталығына және көршілес Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының Ақтайсай, Аққозы ауылдық округтеріне барып осындай шараларды өткізуді жоспарлап отыр.

Айымгүл ЕСЕНАМАНҚЫЗЫ,
Қараой ауылдық округі өкімінің аппаратының бас маманы.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

18 наурыз 2019 жыл №275 Ойыл селосы
Аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 239 «2019-2021 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9 бабының 2 тармағына, 106, 109 баптарына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 239 «2019-2021 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-11-155 тіркелген, 2019 жылғы 4 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақта: 1) тармақшасында: кірістер «4 129 983» сандары «4 226 665» сандарымен ауыстырылсын; трансферттер түсімі «3 808 879» сандары «3 905 561» сандарымен ауыстырылсын; 2) тармақшасында: шығындар «4 129 983» сандары «4 237 696» сандарымен ауыстырылсын;	5) тармақшасында: бюджет тапшылығы (профициті) «-50 157» сандары «-61 188» сандарымен ауыстырылсын; 6) тармақшасында: бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) «50 157» сандары «61 188» сандарымен ауыстырылсын; 7 тармақта: сегізінші абзацта:	«138 401» сандары «195 088» сандарымен ауыстырылсын; 10 тармақта: үшінші абзацта: «29 032» сандары «32 888» сандарымен ауыстырылсын; төртінші абзацта: «7 855» сандары «20 456» сандарымен ауыстырылсын; он бірінші абзацта: «6 519» сандары «13 038» сандарымен ауыстырылсын;	в пункте 1: в подпункте 1): доходы цифры «4 129 983» заменить цифрами «4 226 665»; цифры «3 808 879» заменить цифрами «3 905 561»; в подпункте 2): затраты цифры «4 129 983» заменить цифрами «4 237 696»;	в подпункте 5): дефицит (профицит) бюджета цифры «-50 157» заменить цифрами «-61 188»; в подпункте 6): финансирование дефицита бюджета цифры «50 157» заменить цифрами «61 188»; в абзаце восьмом:	цифры «138 401» заменить цифрами «195 088»; в пункте десятом: в абзаце третьем: цифры «29 032» заменить цифрами «32 888»; в абзаце четвертом: цифры «7 855» заменить цифрами «20 456»; в абзаце одиннадцатом: цифры «6 519» заменить цифрами «13 038»;
--	--	---	---	--	---

және келесідей мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:
«жалпы білім беру мектептерінде алғашқы әскери дайындық кабинеттерін жарактандыруға – 3 300 мың теңге; өмірлік қиын жағдай туындаған кезде өлеуметтік көмек көрсетуге – 4 200 мың теңге; білім орталығын құруға – 3 000 мың теңге.».
2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімдегі қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
3. «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының
төрағасы: Б.Жұмырбаев

Аудандық мәслихат хатшысының м.а:
А.Мамбетова

Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы
18 наурыздағы № 275 шешіміне қосымша
Аудандық мәслихаттың 2018 жылғы
24 желтоқсандағы № 239 шешіміне 1 қосымша

РЕШЕНИЕ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

18 марта 2019 года №275 с.Уил
О внесении изменений и дополнений в решение районного маслихата от 24 декабря 2018 года № 239 «Об утверждении бюджета Уилского района на 2019-2021 годы»
В соответствии со статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», пунктом 2 статьи 9, статьями 106, 109 Бюджетного Кодекса Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, Уилский районный маслихат **РЕШИЛ**:

1. Внести в решение районного маслихата от 24 декабря 2018 года № 239 «Об утверждении Уилского районного бюджета на 2019-2021 годы» (зарегистрированное в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 3-11-155, опубликованное 4 января 2019 году в эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде) следующие изменения и дополнения:

в пункте 1: в подпункте 1): доходы цифры «4 129 983» заменить цифрами «4 226 665»; цифры «3 808 879» заменить цифрами «3 905 561»; в подпункте 2): затраты цифры «4 129 983» заменить цифрами «4 237 696»;	в подпункте 5): дефицит (профицит) бюджета цифры «-50 157» заменить цифрами «-61 188»; в подпункте 6): финансирование дефицита бюджета цифры «50 157» заменить цифрами «61 188»; в абзаце восьмом:	цифры «138 401» заменить цифрами «195 088»; в пункте десятом: в абзаце третьем: цифры «29 032» заменить цифрами «32 888»; в абзаце четвертом: цифры «7 855» заменить цифрами «20 456»; в абзаце одиннадцатом: цифры «6 519» заменить цифрами «13 038»;
---	--	---

и дополнить абзацами следующего содержания:
«3 300 тысяч тенге – на оснащение кабинетов начальной военной подготовки общеобразовательных школ;
4 200 тысяч тенге – на оказание социальной помощи при наступлении трудной жизненной ситуации;
3 000 тысяч тенге – на создание центра распространения знаний.».
2. Приложения 1 к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему решению.
3. Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить:
1) государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актобинской области;
2) направление настоящего решения на официальное опубликование в эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде.
4. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2019 года.

Председатель сессии
районного маслихата: Б.Жұмырбаев

И.о секретаря районного
маслихата: А.Мамбетова

Приложение к решению районного
маслихата от 18 марта 2019 года № 275
Приложения 1 к решению районного
маслихата от 24 декабря 2018 года №239

2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТІ

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	01	2	I. Кірістер Салықтық түсімдер Табыс салығы Жеке табыс салығы Өлеуметтік салық Өлеуметтік салық Меншікке салынатын салықтар Мүлікке салынатын салықтар Жер салығы Көлік құралдарына салынатын салық Бірыңғай жер салығы Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар Ақциздер Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар Зандық маңызы бар өрекеттерді жасағаны және (немесе) оған үкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер Мемлекеттік баж Салықтық емес түсімдер Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар Басқа да салықтық емес түсімдер Басқа да салықтық емес түсімдер Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату Жерді және материалдық емес активтерді сату Жерді сату Трансферттердің түсімдері Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер Ағымдағы нысаналы трансферттер Нысаналы даму трансферттері Субвенциялар	4226665 267910 95809 95809 119476 119476 45923 33211 232 8680 3800 5272 219 2900 2153 1430 1430 45094 6710 6694 16 10 10 700 700 37674 37674 8100 3100 3100 5000 5000 3905561 3905561 3905561 1059259 170302 2676000
2	01	5	II. Шығындар Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер Аудан (облыстық маңызы бар қала) өкімінің аппараты Аудан (облыстық маңызы бар қала) өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер Мемлекеттік органның күрделі шығыстары Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ өкімінің аппараты Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер Қаржылық қызмет Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу Жоспарлау және статистикалық қызмет Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4226665 267910 95809 95809 119476 119476 45923 33211 232 8680 3800 5272 219 2900 2153 1430 1430 45094 6710 6694 16 10 10 700 700 37674 37674 8100 3100 3100 5000 5000 3905561 3905561 3905561 1059259 170302 2676000

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарлар-малардың өкімісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
01	1			II. Шығындар Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер Аудан (облыстық маңызы бар қала) өкімінің аппараты Аудан (облыстық маңызы бар қала) өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер Мемлекеттік органның күрделі шығыстары Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ өкімінің аппараты Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер Қаржылық қызмет Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу Жоспарлау және статистикалық қызмет Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4237696 446907,2 150544,2 19461 19461 88936,2 71452 1400 16084,2 42147 42147 16237 16237 15597 292 348 13969 13969 266157 21636 21636 20385 10311

БЮДЖЕТ УИЛСКОГО РАЙОНА НА 2019 ГОД

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
1	01	2	I. Доходы Налоговые поступления Подходный налог Индивидуальный подоходный налог Социальный налог Социальный налог Налоги на собственность Налоги на имущество Земельный налог Налог на транспортные средства Единый земельный налог Внутренние налоги на товары, работы и услуги Акцизы Поступления за использование природных и других ресурсов Сборы за ведение предпринимательской и профессиональной деятельности Обязательные платежи, взимаемые за совершение юридически значимых действий и (или) выдачу документов уполномоченными на то государственными органами или должностными лицами Государственная пошлина Неналоговые поступления Доходы от государственной собственности Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности Вознаграждения по кредитам, выданным из государственного бюджета Поступления от реализации товаров (работ, услуг) государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета Поступления от реализации товаров (работ, услуг) государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета Штрафы, пени, санкции, взыскания, налагаемые государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета, а также содержащимися и финансируемыми из бюджета (сметы расходов) Национального Банка Республики Казахстан Штрафы, пени, санкции, взыскания, налагаемые государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета, а также содержащимися и финансируемыми из бюджета (сметы расходов) Национального Банка Республики Казахстан, за исключением поступлений от организаций нефтяного сектора Прочие неналоговые поступления Прочие неналоговые поступления Поступления от продажи основного капитала Продажа государственного имущества, закрепленного за государственными учреждениями Продажа государственного имущества, закрепленного за государственными учреждениями Продажа земли и нематериальных активов Поступления от продажи земельных участков Поступление трансфертов Трансферты из вышестоящих органов государственного управления Трансферты из областного бюджета Целевые текущие трансферты Целевые трансферты на развитие Субвенции	4226665 267910 95809 95809 119476 119476 45923 33211 232 8680 3800 5272 219 2900 2153 1430 1430 45094 6710 6694 16 10 10 700 700 37674 37674 8100 3100 3100 5000 5000 3905561 3905561 3905561 1059259 170302 2676000

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
01	1			II. Затраты Государственные услуги общего характера Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общеполитические функции государственного управления Аппарат маслихата района (города областного значения) Услуги по обеспечению деятельности маслихата района (города областного значения) Аппарат акима района (города областного значения) Услуги по обеспечению деятельности акима района (города областного значения) Капитальные расходы государственного органа Целевые текущие трансферты из местных бюджетов Аппарат акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа Услуги по обеспечению деятельности акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа Финансовая деятельность Отдел финансов района (города областного значения) Услуги по реализации государственной политики в области исполнения бюджета и управления коммунальной собственностью района (города областного значения) Проведение оценки имущества в целях налогообложения Приватизация, управление коммунальным имуществом, пост приватизационная деятельность и регулирование споров, связанных с этим Планирование и статистическая деятельность Отдел экономики и бюджетного планирования района (города областного значения) Услуги по реализации государственной политики в области формирования и развития экономической политики, системы государственного планирования Прочие государственные услуги общего характера Отдел предпринимательства и сельского хозяйства района (города областного значения) Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области развития предпринимательства и сельского хозяйства Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения) Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог	4237696 446907,2 150544,2 19461 19461 88936,2 71452 1400 16084,2 42147 42147 16237 16237 15597 292 348 13969 13969 266157 21636 21636 20385 10311

